


«Жемқорлық» түсінігінің теориялық-әдістемелік негіздері

1.1. «Жемқорлықтың» тарихи дамуы



Жемқорлық дегеніміз не?

- Лат.corruptio – сатып алу -мемлекеттік басқару құрылымдағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесіне үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс - әрекеттері

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев атап өткендей: «Сыбайлас жемқорлық – бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес».

А.Н. Ағыбаевтың пікірінше: «Сыбайлас жемқорлық - бұл кез-келген лауазымды тұлғаның өзіне және тағы басқаларға заңсыз жолмен пайда әкелу мақсатында жасаған қылмысы.

Жоғарыда келтірілген анықтамаларды талдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады:

- сыбайлас жемқорлық құбылысының өзіне тән белгілері бар;*
- сыбайлас жемқорлық - бұл, ең алдымен, әлеуметтік құбылыс;*
- халықаралық құжаттарда жемқорлықтың нақты анықтамасы жоқ;*
- әрбір мемлекет қазіргі құқықтық дәстүрлер негізінде өздерінің жемқорлыққа қарсы құралдар жиынтығын анықтайды;*
- жемқорлық ұғымы қазіргі қоғамдағы жемқорлықтың құқықтық анықтамасына негізделмеген.*

**Жемқорлықтың
жалпылама
белгілері**



**Нәтижесінде: Қызметке
ретсіз қабылдау және
көтермелеу және
қоғамдық мүліктерді
талан- таражға салу.**



Сыбайлас жемқорлықтың даму тарихы ежелгі кезеңнен бастау алады. Атақты француз философы Шарль Луи Монтескье: «Көптеген жасырлар тәжірибесі көрсеткендей, қолында билігі бар адам, қылмыс жасауға бейім тұрады және де тиісті шекке жетпейінше, сол бағытта әрекет жасай береді», - деп айтқан . Қарт тарих шумерлар мен семиттер дәуірінде де мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық дендегенін айтады. Мысалы, Лагаш Патшасы (Ирак жерінде іргесі қаланған ежелгі мемлекет) Урукагина шенеуіктер мен судьялардың жемқорлыққа салынуын айыптаған ең алғашқы патша болып саналады. Ол лауазымды тұлғалардың қызметтерін теріс пайдалануын сынап отырған. Патша әкімшілігі жанындағы храм қызметкерлерінің халықты дінмен қорқытып, пара талап етуін тоқтатқан. Салт-дәстүрді желеу етіп, рәсімдер үшін жиналатын төлемдерді азайту мақсатында мемлекеттік басқаруға өзгерістер

Сыбайлас жемқорлық және онымен күрес сонау ежелгі заманда пайда болған. Сазға жазылған сына жазудың арқасында қазіргі уақытқа дейін жеткен тарихи мәліметтерге сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресуші боп танылған бірінші билеуші б.з.д. 2400 жылда өмір сүрген шумерлік билеуші болған. Ол жемқорлық үшін өте қатал жаза енгізген. Өкінішке орай, тақтайшаларда, оның оң нәтижеге жеткен жетпегені туралы айтылмаған.

Жемқорлықты айыптау көптеген діни кітаптарда кездеседі, бірінші кезекте Құран мен Библияда. Ал б.з.д. IV ғасырда Индияда «Арташастра» трактаты жазылған болатын, онда жемқорлықтың түрлері мен онымен күресу тәсілдері талқыланған. Қоғамның дамуына және кітапбаспаның пайда болуына қарай ол туралы жиірек және көбірек жазылатын болды. 1787 жылы қабылданған АҚШ Конституциясына сәйкес сыбайлас жемқорлық президентке сенімсіздік жариялануға себеп болатын екі қылмыстың бірі болып табылады.

Тарихқа сыбайлас жемқорлықпен сәтті күрестердің көптеген мысалдары мәлім. Міне солардың тек біреуі ғана. Франция, XVIII ғасырдың аяғы. Якобиндік диктатура қазасынан кейін билікті мемлекет тарихындағы ең сыбайластық тәртіп Директория жаулап алды. Директория басқарған жылдары Франция құлдырады. Кейін билікке бірінші консул болып сыбайлас жемқорлықпен батыл күрес бастаған Наполеон келді. Бұл күрес қатігездікке емес, жазаның бұлтартпастығына сүйенген. Бірнеше ай ішінде Наполеон керемет жетістіктерге жетті, сонымен қатар Директория кезінде ұрланған ақшаларды қазынаға қайтарды.

Қазіргі уақытта ең танымал болып сингапурлық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес моделі танылады. Тәуелсіздік алған сәтінде 1965 жылы Сингапур сыбайлас жемқорлығы ең жоғарғы көрсеткішті ел болған: шенеуіктерге парасыз бір шешімді де рұқсат та берілмейтін.

Қазаққа жемқорлық қайдан келіп, қалай қалыптасты..



Жыл сайын түрлі елдердің мемлекеттік секторындағы сыбайлас жемқорлықтың деңгейін зерттеп жариялайтын Халықаралық Transparency International ұйымының мәліметі бойынша, 2014 жылы Қазақстан коррупцияның деңгейі жөнінен 175 елдің арасында 126-шы орынды иеленді (2013 жылы – 140-шы орын). «Коррупцияға төзімділік индексі» деп аталатын бұл кестеде 50-ші орыннан төмен орналасқан елдегі сыбайлас жемқорлық алаңдатарлық жағдайда деген сөз. «Коррупцияға төзімділік индексі тізімінің соңында тұрған елдер өз халқының игілігі үшін коррупцияға қарсы шұғыл шаралар қабылдауы қажет» деп дабыл қағады осы ұйым басқармасының төрағасы Хосе Угос.

**ҚР 37 мемлекет
қабылдаған конвенцияға
қосыла отырып, 1998
жылы 2 шілдеде
«Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы күрес туралы» заң
қабылдады**



**Қазақстанда сондай-ақ
сыбайлас жемқорлық
үшін қылмыстық,
тәртіптік, әкімшілік
жауапкершілікті
реттейтін арнайы
нормативтік –құқықтық
актілерде қабылданды**

Тамыры жұлынған арам шөп қана өсуін тоқтатады. Қазақ еліндегі сыбайлас жемқорлықтың тарихи-әлеуметтік себептерінің бір ұшы патшалық Ресейдің әкімшілік жүйесінде жатыр. Жалпы, тарихта отар болған мемлекеттер көп. Бодандыққа ұшырап, табиғи байлығынан, қазынасынан айрылған елдер аз емес. Бірақ, соның ішінде, ең ауыры – рухани дүниесінен, болмысынан, ділінен, өзегінен айрылу. Ал, ресейлік қоғамда парақорлықтың пайда болуы XVII-XVIII ғасырларда орныққан шенеуніктер қызметімен тығыз байланысты. Ресей патшалығы тұсында парақорлық барлық дәрежедегі шенеуніктердің жасырын табыс көзіне айналып, мемлекеттік лауазымға ие болу жеке адамның байлыққа қол жеткізуінің бірден бір жолы деген көзқарас орнады. Міне, осындай күштеп отырықшыландыру, күштеп ұжымдастыру саясаты қазақтың дәстүрлі өмір салтын өзгертумен бірге ең құнды қасиеттерінен айырды. Әсіресе, қолдан ұйымдастырылған ашаршылық бүкіл халықты есеңгіретіп кетті.

Осылайша, патшалық биліктен отарлаудың эстафетасын қабылдап алған большевиктер қазақтарды ұлтсыздандыру процесінде көздеген нәтижесіне жетіп жығылды. Өкінішке орай, тәуелсіздік алысымен елімізде отарсыздану процесі қолға алынбады, жекелеген талпыныстар болмаса, жаппай рухани-мәдени жаңғыру, отарлық, құлдық психологиядан арылудың арнайы технологиялары жүргізілмеуі себепті біз көп мүмкіндіктен айрылып қалдық. Ендігі қауіп – жастардың да соған бейімделуі. Сыбайлас жемқорлық өсіп келе жатқан жастардың жолын кеседі немесе олар да бұл құбылысқа төзімділік танытып, жемқор ағаларының жолын жалғастыруы әбден мүмкін. Қазірдің өзінде елдегі жемқорлықтың ахуалы мектеп оқушысына дейін мәлім. сыбайлас жемқорлықты жою мемлекеттің болашағы үшін, мемлекет құраушы ұлттың – қазақтың өзі үшін керек.

ЖЕМҚОРЛЫҚ - ІНДЕТ, ЖОЮ - МІНДЕТ!



ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ЕЛ ГҮЛДЕНГЕН ЕЛ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ФАКТІЛЕРІ ТУРАЛЫ

1494

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫНА ХАБАРЛАҢЫЗ

БІЗДІҢ МІНДЕТ -
ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ



НАШ ДОЛГ -
СПЛУЖЕНИЕ НАРОДУ

О ФАКТАХ КОРРУПЦИИ СООБЩАЙТЕ ПО ТЕЛЕФОНУ ДОВЕРИЯ

1494

Қосымша ақпаратты ведометтік желілерден алуыңызға болады.
Дополнительную информацию можете получить в социальных сетях:

